

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

докторант Төлеу Есбол Тынысбекұлының 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мегаполис жағдайындағы кардиология орталығының жұмысын оңтайландыру» атты диссертациялық жұмысына

Төлеу Есбол Тынысбекұлының диссертациялық жұмысы қазіргі кезеңдегі Қазақстан денсаулық сақтау жүйесі үшін ерекше маңызды бағыттардың бірі - сапа менеджменті мен пациенттердің қауіпсіздігіне арналған.

Автор зерттеліп отырған мәселе бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге терең талдамалық шолу жасап, ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеу дизайнын әзірлеген. Зерттеу барысында сауалнама, статистикалық талдау және салыстырмалы әдістер тиімді пайдаланылған. Орталықтың қызметкерлері мен пациенттер арасында қанағаттанушылық пен қауіпсіздік мәдениетін бағалау мақсатында кең ауқымды сауалнама жүргізілген. Диссертация құрылымы жағынан жүйелі, мазмұны тұрғысынан логикалық тұрғыда дәйекті жазылған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы - алғаш рет мегаполис жағдайында кардиологиялық орталық қызметін ұлттық стандарттау жүйесін енгізу арқылы оңтайландырудың ғылыми-тәжірибелік үлгісі әзірленіп, оның тиімділігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелері негізінде медициналық қызмет сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар дайындалған және тәжірибеге енгізілген.

Автор зерттеудің барлық кезеңдерінде – мақсат қоюдан бастап, деректерді жинау, өңдеу, нәтижелерді талдау және қорытынды жасауға дейін – ғылыми ізденіс пен дербестік танытқан. Жұмыстың нәтижелері ғылыми жарияланымдарда кеңінен көрініс тапқан (Scopus, ККСОН және халықаралық конференциялар материалдары).

Төлеу Е.Т.-ның диссертациялық жұмысы өзектілігімен, ғылыми және тәжірибелік құндылығымен ерекшеленеді және мазмұны мен сапасы бойынша PhD дәрежесін алуға ұсынылатын ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

**Ғылыми кеңесші, С.Ж.Асфендияров
Атындағы ҚазҰМУ «Ішкі аурулар»
кафедрасының қауымдастырылған профессор
атағымен, PhD**



Альмуханова А.Б.